

## Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізіндегі ынтымақтастық туралы Декларация

Декларация 2000 жылғы 9 қазан Астана қаласы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев және Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин Астана қаласында 2000 жылғы 9 қазанда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Каспий теңізіндегі ынтымақтастығына қатысты мәселелерді талқылап,

1996 жылғы 27 сәуірдегі Каспий теңізін пайдалану жөніндегі ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Президенттерінің бірлескен мәлімдемесінде, 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартта, 1998 жылғы 6 шілдедегі ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияда бекітілген қағидаттар рухындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуге тілек білдіре отырып,

Каспий жағалауының барлық мемлекеттерінің арасында Каспий теңізінің Құқықтық мәртебесі туралы конвенция жасалғанға дейін 1921 жылғы 26 ақпандағы Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасы мен Персия арасындағы шартта және 1940 жылғы 25 наурыздағы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Иран арасындағы Сауда-саттық пен теңізде жүзу туралы шартта кеме қатынасы еркіндігі, балық аулау еркіндігі, Каспий жағалауы елдеріне жатпайтын жалаулармен кемелердің жүзуіне тыйым салу мазмұндалатын режимдердің қолданыста болуы жалғасатынын а т а п ө т е о т ы р ы п ;

Каспий жағалауындағы барлық мемлекеттер ұстанымдарының ымыраға келуі негізінде ғана Каспий теңізінің жаңа құқықтық мәртебесін айқындау мүмкін болатынын негізге ала отырып ;

Каспийдің көмірсутегі және биологиялық ресурстарын игерудегі, оның экологиялық жүйесін сақтаудағы тиімді ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар құру мақсатында жағалаудағы барлық мемлекеттердің заңды мүдделерін ескере отырып, Каспий теңізінің жаңа құқықтық мәртебесін айқындау жөніндегі бұдан былайғы жұмыстарға дайын екендіктерін білдіре отырып ;

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Президенттерінің 1998 жылғы 23 қаңтардағы және 2000 жылғы 19 маусымдағы Мәскеу қаласындағы бірлескен мәлімдемелерінде көрініс тапқан уағдаластықтарды назарға ала отырып, төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. Тараптар Каспий теңізінің Құқықтық мәртебесі туралы конвенция бойынша бес жақты келіссөздер процесін тиімді түрде ілгері жылжытуға бірлесіп ықпал етуге дайын

екендіктерін білдіреді, Каспий жағалауы мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері орынбасарларының деңгейінде Арнайы жұмыс тобының қызметіне тұрақты сипат беруді қолдайды. Тараптар басқа да Каспий жағалауы мемлекеттерінің қарауына беру үшін аталған Конвенцияның бірлескен жобасымен жұмысты жалғастырады.

2. Қазақстан мен Ресей кеме қатынасы еркіндігін, балық аулау мен қоршаған ортаны қорғаудың келісілген нормаларын қамтамасыз ету үшін су айдыны кеңістігін ортақ түрде пайдалануды сақтай отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған өздерінің егемендік құқықтарын жүзеге асыру мақсатында, Тараптардың уағдаластығы бойынша жетілдірілген орта сызық бойынша шектес жатқан және қарама-қарсы орналасқан мемлекеттердің арасында теңіз түбінің ара жігін ажырату туралы ымыра ұсынысты, Каспий теңізінің жаңа құқықтық мәртебесі туралы ымыра шешімнің аса маңызды құрамдас бөлігінің бірі ретінде негізге алудың орындылығына өздерінің сенімді екенін қуаттайды. Бұл орайда келісілген ара жігін ажырату сызығы өтетін кен орындарын пайдалану тиісті Каспий жағалауы елдерінің арасындағы жекелеген уағдаластықтардың тақырыбы болуы мүмкін. Тараптар ұсынылып отырған көзқарас Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындауда оң сипаттағы үлесін қосады деп к е л і с т і .

3. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбінің ара жігін ажырату туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге сәйкес, жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Тараптар жер қойнауын пайдалану аймағының ара жігін ажырату ескерілетін жетілдірілген орта сызықтың өтуін жағрафиялық тұрғыдан сипаттай отырып, аталған Келісімнің Хаттамасына мүмкіндігінше қысқа мерзімде қол қояды.

4. Каспий теңізіндегі экологиялық жағдайдың нашарлауына, ондағы бірегей бекіре балықтарының таралуының дағдарысты жағдайына байланысты Каспий теңізінің жаңа құқықтық мәртебесі туралы бес жақты ымыраға қол жеткізу қосымша күш-жігер мен уақыт талап ететінін пайымдай отырып, Тараптар Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойғанға дейін басымдық берілетін тәртіппен көп жақты үкіметаралық келісімдер жасасуға шақырып, қалған Каспий жағалауы мемлекеттеріне қайрылады, осындай келісімдерге сәйкес Каспийдің табиғи ортасын қорғау, оның биологиялық ресурстарын сақтау, молықтыру және ұтымды пайдалану жөнінде жедел сипаттағы ұжымдық шаралар қабылдауға болады.

Тараптар тұрақты негізде бес жақты Стратегиялық Каспий орталығын құруды жақтаған пікір білдірді, мұндай орталық Каспий теңізі табиғи ортасының жай-күйінің мониторингімен айналысатын болады.

5. Қазақстан мен Ресей қажетті дайындықтан кейін жағалаудағы бес мемлекеттің жоғары деңгейдегі кездесуін өткізу Каспий теңізінің мәртебесін реттеу, Каспий аймағындағы ынтымақтастықты нығайту мүдделеріне жауап береді деп есептейді.

(Қолдары)

М а м а н д а р :  
Қ а с ы м б е к о в                      Б . А .

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК